



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2016 жылғы 9 желтоқсан

Қызылорда облысындағы қаржы нарығының даму перспективаларын Ұлттық Банк басшысы Д. Ақышев атап өтті



Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев жұмыс сапарымен Қызылорда облысына барды, онда ол өңірдің, ҚРҰБ филиалының басшылығымен бірқатар кездесу өткізді, сондай-ақ өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарына арналған баспасөз конференциясына қатысты.

Д. Ақышев осы өңірдің экономикалық әлеуетінің жоғары екендігін және даму перспективаларын атап өтті. Оның айтуынша, Қызылорда облысында 2016 жылғы 11 айда инфляция бойынша ең төменгі көрсеткіш белгіленген, бұл есепті кезеңде 7,5%-ды құраған республикалық деңгейден төмен.

Қызылорда облысы заңды және жеке тұлғалардың салымдарының өсуі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. «Егер тұтастай алғанда ел бойынша теңгемен салымдар 84%-ға дерлік өссе, Қызылорда облысында ол 143%-ға өскен, бұл өңірлер ішіндегі ең жақсы нәтиже болып табылады», – деп атап өтті Д. Ақышев.

Д. Ақышев журналистерге ҚРҰБ жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты және қаржы нарығындағы соңғы үрдістер жайында айтып берді, сондай-ақ БАҚ сұрақтарына жауап берді.

Ұлттық Банктің Төрағасы Д. Ақышевтың Қызылорда облысына сапары ҚРҰБ-ның аумақтық филиалдарға бару бағдарламасы шеңберінде өтіп жатқанын атап өтеміз.

Ағымдағы жылы Ұлттық Банк басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына (Шымкент қ.), Ақтөбе облысына (Ақтөбе қ.), Шығыс Қазақстан облысына (Өскемен қ.) барған болатын.

Қызылорда облысында инфляция бойынша ең төменгі көрсеткіш – Д. Ақышев

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев жұмыс сапарымен Қызылорда облысына барды, онда ол өңірдің, ҚРҰБ филиалының басшылығымен бірқатар кездесу өткізді, сондай-ақ өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарына арналған баспасөз конференциясына қатысты.

Осы өңірдің экономикалық әлеуетін бағалай келе, Д. Ақышев оның айтарлықтай жоғары екендігін атап өтті. Оның айтуынша, аграрлық-индустриялық өңір болып табылатын Қызылорда облысында мұнай-газ саласы, уран өнеркәсібі мен құрылыс индустриясы дамуда. «Дәстүрлі түрде облыс күріш өсіруден көш бастап тұр, өңір республикада өндірілетін күріштің 90%-н өндіреді. Географиялық жағынан қолайлы орналасуы, табиғи-ресурстық, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеті облыстың еліміздің оңтүстік бөлігіндегі логистика орталығы болуына мүмкіндік береді. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» магистралі облыстың барлық 7 ауданын және Қызылорда қаласын қамтиды», – деді Д. Ақышев.

Сонымен бірге ол инфляция және облыстың жалпы өңірлік өнімі бойынша статистиканы келтірді, оның Қазақстан Республикасы ІЖӨ-дегі үлесі ағымдағы жылғы 6 айда 2,8%-ды құрады. Қызылорда облысындағы инфляция деңгейі ағымдағы жылғы 11 айда 6,8% болды, бұл 7,5% құраған республикалық деңгейден төмен. «Жылдық инфляция 2016 жылғы қарашада 7,4% болды, бұл республика бойынша ең төмен көрсеткіш болып табылады», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Д. Ақышев: Қызылорда облысы заңды және жеке тұлғалардың салымдарының өсуі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады

Қызылорда облысы заңды және жеке тұлғалар салымдарының өсуі бойынша (10 ай ішінде 27%-ға) республикалық деңгейден 2,2 еседен артып, республикалық деңгейден асып, облыстар бойынша тек Қостанай облысынан кейін қалып, көш басында тұр. Бұл жөнінде ҚРҰБ Төрағасы Д.Ақышев Қызылорда қаласында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

«Егер жалпы ел бойынша теңгемен салымдар 84%-ға дейін өссе, Қызылорда облысында ол 143%-ға өскен, бұл өңірлер арасындағы ең үздік көрсеткіш болып табылады», – деді Д.Ақышев.

Қызылорда облысында банк секторы банктердің 12 филиалын қамтитындығын атап өтеміз.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz